

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары – «Ауыл партиясы»
фракциясының мүшелеріне**

2025 жылғы 15 мамырдағы № ДС-224 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) халықтан кері байланыс алудың маңыздылығын құптайды, сонымен қатар санақ қатаң түрде халықаралық стандарттарға, атап айтқанда, БҰҰ ФАО ұсынымдарына негізделіп бекітілген әдіснамаға сәйкес жүргізіледі. Санақтың мақсаттарына тікелей қатысы жоқ сұрақтарды қосу жиналатын деректердің сапасына әсер етуі, қатысу деңгейін төмендетуі және деректерді жинау процесін қиындатуы мүмкін.

2025 жылғы ауыл шаруашылық санағына арналған санақ парақтары Бюро басшысының 2025 жылғы 12 наурыздағы № 7 бұйрығымен бекітілгенін назарға саламыз. Бекітілген нысандарға өзгерістер енгізу белгіленген рәсім аясында және техникалық шешімдерді бейімдеуге жеткілікті уақыт болған жағдайда мүмкін, бұл қазіргі кезеңде санақты жүргізу мерзімдерін бұзу қаупімен байланысты.

2025 жылы Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы санағын жүргізу үшін интервьюерлерге жүктеме нормалары 2024 жылғы 23 ақпандағы № 30 Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген.

Сонымен қатар, халықаралық және ұлттық тәжірибеде өмір сүру деңгейін, инфрақұрылым сапасын, мемлекеттік саясаттың тиімділігіне халықтың қанағаттанушылығын бағалау міндеттері іріктеме негізінде арнайы әлеуметтанулық зерттеулер арқылы шешілетінін атап өтеміз. Мұндай зерттеулердің мысалдарына мыналар кіреді:

Евробарометр (Eurobarometer) — қоғамдық пікір мәселелері бойынша ЕО елдері халқының тұрақты сауалнамасы;

АҚШ-тағы өмір сапасы индексі (Quality of Life Index Surveys) — негізгі қызметтерге қолжетімділікті бағалауға бағытталған муниципалдық зерттеулер;

«Өңірлік әл-ауқат зерттеуі» – Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты жыл сайын жүргізетін зерттеу, ол инфрақұрылым және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.

Сонымен қатар, Ұлттық экономика министрлігі базалық инфрақұрылым объектілерімен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейіне қойылатын ең төменгі міндетті талаптарды қалыптастыруға бағытталған **Өңірлік стандарттар жүйесін (ӨСЖ)** бекіту бойынша жұмыс жүргізуде. Қамтамасыз етуді мониторингілеу деректерді орталықтандырылған жинауды, өңдеуді және визуализациялауды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалана отырып, **жыл сайын** жүзеге асырылатын болады.

Анықтама: *ӨСЖ әзірлеу және енгізу қағидаларының жобасы білім беру (мектептер, балабақшалардың болуы және жағдайы); денсаулық сақтау; көлік және жол инфрақұрылымы (жолдардың сапасы, қоғамдық көліктің болуы); инженерлік инфрақұрылым (сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау); қауіпсіздік; санитарлық және экологиялық қауіпсіздік (қоқыс полигондары, мал қорымдары); әлеуметтік қызмет көрсету; ветеринарлық және тұрмыстық қызмет көрсету сияқты бағыттардың кең тізімін қамтиды.*

Ұлттық экономика министрлігі мониторинг нәтижелері бойынша қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының өмір сүру сапасын сипаттайтын объектілермен және қызметтермен (*игіліктермен*) қамтамасыз етілуінің мониторинг нәтижелерін көрсететін **талдамалық есеп** қалыптастыру жоспарлануда.

Осылайша, аталған механизмдер ауыл тұрғындарының инфрақұрылымдық қажеттіліктерін жүйелі және тұрақты негізде қадағалауға мүмкіндік береді, бұл депутаттық сауалда көрсетілген мақсаттарға сәйкес келеді.

Санақтың өзіне келетін болсақ, ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өндірушілеріне арналған нысанда мемлекеттік қолдау алу, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымына қолжетімділік және кредиттік қаражат тарту мәселелеріне қатысты сұрақтар қазірдің өзінде енгізілген. Ұй шаруашылықтары үшін кредиттеу мәселелері пилоттық санақтан кейін ауыл шаруашылық мақсаттарға арналған кредиттерді бөлудің күрделілігіне байланысты алынып тасталды.

Ымыралы тәсіл мақсатында Бюро **Sanaq.gov.kz** платформасында санақты өздігінен толтыру әдісімен өтетін шаруашылықтар үшін ерікті мини-сауалнама қосу мүмкіндігін қарастыруға дайын. Негізгі нысанды аяқтағаннан кейін респонденттер ауылдық инфрақұрылымның сапасын және аграрлық саясаттың тиімділігін өз қалауы бойынша бағалай алады. Алайда, мыналарға назар аударамыз:

- ұсынылған блок қысқа болуы керек (*3–5 сұрақтан аспауы тиіс*);
- мұндай сауалнаманың нәтижелері репрезентативтілікке ие болмайды, себебі кездейсоқ іріктеу механизмі жоқ;
- нысанды қайта бекіту қажет болады және цифрлық платформаны дайындауда кідіріс болуы мүмкін.

Бюро қосымша сұрақтар тізбесінің жобасын жұмыс тәртібінде қарауға дайын.

Санақ нәтижелерін жан-жақты талдауға қатысты екінші ұсынысқа келетін болсақ, ол Бюроның міндеттеріне толық сәйкес келеді. Бюро тексеру, верификация және өңдеу аяқталғаннан кейін агрегатталған деректерге **қоғамдық қолжетімділікті** қамтамасыз ететін болады.

Сондай-ақ, Үкімет **ведомствоаралық талдамалық өзара** іс-қимыл идеясын қолдайды және мүдделі ұйымдардың сараптамалық қатысу механизмі бойынша ұсыныстарды қарауға дайын.

С. Жұманғарин

*Орынд.: Е. Ошақбаев
тел.: 75-00-09*